



SEMEI tañy



№49 (19801) 23 маусым, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



ӨТКЕН АПТАДА ОБЛЫС ӘКІМІ БЕРІК УӘЛИ ҮРЖАР, МАҚАНШЫ ӨҢІРІНДЕ БОЛДЫ:

- ✓ Үржарда әлеуметтік орталық жанынан қосымша ғимарат пайдалануға берілді
- ✓ Облыс әкімі Малақ ауылының тыныс-тіршілігімен танысты
- ✓ Көкөзектің келбеті жаңарып келеді
- ✓ Жоғарғы Егінсуда Мәдениет үйі ашылды
- ✓ «Көктал-Алакөл» электр желісінің құрылысы жүріп жатыр
- ✓ Алакөлде туристік маусым басталды
- ✓ Шипалы көл жағалауы абаттандырылуда



Облыс әкімі Берік Уәли Үржар және Мақаншы аудандарына жұмыс сапарымен барып қайтты. Аймақ басшысы Үржар ауданындағы бірқатар ауылдардың тыныс-тіршілігімен танысып, мәдениет және білім беру мекемелерінің жағдайын көрді. Ақжар ауылындағы ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қосымша ғимаратының, Жоғарғы Егінсу ауылындағы жаңа Мәдениет үйінің ашылу салтанатына қатысты. Мақаншы ауданына сапары барысында облыс әкімі Алакөл жағалауында атқарылған ауқымды абаттандыру жұмыстарының нәтижесімен танысып, туристік маусымның ашылу рәсіміне қатысты.

Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei tañy»

Әлеуметтік орталық жанынан қосымша ғимарат пайдалануға берілді

Облыс басшысының сапары Үржар ауданындағы Ақжар ауылынан басталды. Берік Уәли осы ауданға қарасты Ақжар ауылындағы балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жанынан салынған қосымша ғимараттың ашылу рәсіміне қатысты. Бұл туралы Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Орталық 2011 жылы пайдалануға берілген. Бұл мекемеде тірек-қимыл аппараты және психоневрологиялық ақаулары бар 3-18 жас аралығындағы 56 балаға стационар және жартылай стационар жағдайында арнайы әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған 20 бала және психоневрологиялық аурулары бар 36 бала тәрбиеленуде. Олар 6 топқа бөлініп, ақыл-есінің даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп оқытылады. Мұнда 29 педагог жұмыс істейді. Қызмет көрсету стандартына сәйкес 8 түрлі әлеуметтік қызмет ұсынылады.

Пайдалануға берілген жаңа корпусқа заманауи жатын бөлмелер, мамандар кабинеттері, ойын және демалыс бөлмелері қарастырылған.

Аймақ басшысы тұрғындары жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, бұл нысан ерекше қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған маңызды жоба екенін атап өтті.

Бүгінгі шара – өңіріміздегі әлеуметтік сала үшін маңызды оқиға. Бұл нысан ерекше қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және олардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған маңызды жоба. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы халықаралық балалар күніне орай жолдаған құттықтауында: «Жас ұрпақтың құқығын қорғау, денсаулығын сақтау және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау – жалпыұлттық мақсат және

конституциялық міндет», – деп айрықша атап өткен болатын. Өздеріңіз жақсы білесіздер, былтыр Үржар ауданына келгенімде осы ғимаратқа арнайы келіп, аралап көргенмін. Нысанның жұмысы баяулап, тоқтап қалған болатын. «Сақалды» құрылысқа айналмау үшін жылдам шешім қабылдап, қосымша қаржы бөліп, мөрдiгерден талап етіп, соның арқасында осындай ғимарат пайдалануға беріліп отыр. Соңғы жылдары психоневрологиялық ерекшелігі бар балаларды орналастыруға деген сураныстың артуына байланысты орталықтың материалдық-техникалық базасын кеңейту қажеттілігі туындаған болатын. Осыған байланысты негізгі ғимаратқа жапсарлас екі қабатты жаңа корпус салынып, пайдалануға берілуде. Бұл шешім балалардың қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы игі істің жүзеге асуына үлес қосқан барлық азаматтарға, құрылысшыларға, жобалаушыларға, сала мамандарына және қолдау көрсеткен мемлекеттік органдарға шынайы алғысымды білдіремін, – деді Берік Уәли.

Бұған дейін медициналық блок пен асхана ғимараты негізгі корпустан 170 метр қашықтықта орналасқандықтан, балалар күн сайын ашық алаң арқылы қатынауға мәжбүр болды. Әсіресе қыс мезгілінде және қолайсыз ауа райында бұл ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін елеулі қиындықтар туғызатын. Жаңа ғимараттың іске қосылуы осы мәселені толық шешуге мүмкіндік беріп отыр. Орталықтың жалпы ауданы бұрын 2 381,48 шаршы метрді құраса, бүгінде жаңа ғимарат есебінен кеңейтіліп, балалардың жайлы өмір сүруі мен дамуына қажетті барлық жағдайлар жасалуда.

Арнаулы әлеуметтік қызмет алуға кезекте тұрған балалар санының артуына байланысты болашақта төсек-орын қорын 70 орынға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Малақ ауылының тыныс-тіршілігімен танысты

Ауданға жасаған жұмыс сапары барысында аймақ басшысы Науалы ауылдық округіне қарасты Малақ ауылында болды. Елді мекен аудан орталы-

ғынан 8 шақырым жерде орналасқан. 600-ге жуық халық тұрады. Тұрғындардың негізінен мал және егін шаруашылығымен айналысады. Елді мекенде амбулатория, ауылдық клуб жұмыс істейді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, соңғы жылдары ауылды дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілген. Шағын футбол алаңы орнатылып, су жүйелері толық жаңартылған. Биыл ұзындығы 4 шақырымды құрайтын үш көшеге орташа жөндеу жүргізілді.

Облыс әкімі жолдың сапасын көріп, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Өздеріңіз білесіздер, бұрын Малақ ауылында асфальт мүлде болмаған. Былтыр асфальт салу үшін қаражат бөліп, жоспарлаған болатынбыз. Биыл ауданның 4 ауылындағы көшелерге асфальт төселді. Соның бірі - сіздердің ауылдарыңыз. Жол сапалы, жақсы жасалған екен. Бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта жалғастыратын боламыз, – деді Берік Уәли.

Ауыл халқы атқарылған жұмыстарға алғысын білдірді.

Малақ ауылына келіп болып түскеніме 51 жыл болды. Осы уақыт аралығында ауылымызда асфальт болмаған. Облыс әкімі ауылымызға алғаш рет келіп отыр. Ауыл тұрғындары атынан алғысымызды айтамыз, – деді Малақ ауылының тұрғыны Зейрәш Сүлейменова.

Көкөзектің келбеті жаңарып келеді

Үржар ауданында аймақ басшысы Көкөзек ауылының да тыныс-тіршілігімен танысты.

Көкөзек ауылы аудан орталығынан 35 шақырым жерде орналасқан. Елді мекенде 964 адам тұрып жатыр. Мұнда медициналық пункт, мектеп және мәдениет үйі жұмыс істейді. Тұрғындардың негізгі тіршілік көзі – ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал және егін шаруашылығы.

Биыл ұзындығы 4 шақырымнан асатын ауылға кіреберіс автомобиль жолы орташа жөндеуден өтіп,

пайдалануға берілді. Облыс әкімі әуелі жолдың сапасына назар аударды.

Аймақ басшысы ауылдағы мәдениет үйінің жағдайымен де танысты. Нысан 1966 жылы пайдалануға берілген. 170 орындық көрермен залы бар. Қазіргі таңда мұнда 5 адам еңбек етеді.

Мәдениет үйі соңғы рет 2008 жылы күрделі жөндеуден өткізілген. Бүгінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартуды, жылу жүйесі жөндеуді және есіктері ауыстыруды қажет етеді.

Аймақ басшысы мәдениет үйінің жанында ауыл тұрғындарымен тілдесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Тұрғындар ауылдың 80 пайызы жарықтандырылғанын, барлық көшелерге құм-тас төселгенін, елді мекен толықтай ауыз сумен қамтамасыз етілгенін айтып, облыс басшысына алғыс білдірді. Тұрғындар сонымен қатар ауылдағы мәдениет үйінің тозығы жеткенін айтып, мәдениет нысанын күрделі жөндеуден өткізуге қолдау көрсетуді сұрады.

Көкөзек – береке-бірлігі жарасқан ауыл. Бұл ауылдағы жолға асфальт соңғы рет 1981 жылы төселген екен. Араға 45 жыл салып, биыл ауыл көшелеріне қайтадан жаңа асфальт салынып жатыр. Мәдениет үйін аралап, көріп шықтым. Жобасын әзірлеп, тиісті ұсыныс беріңіздер, – деді Берік Уәли.

Аймақ басшысы Көкөзек орта мектеп-бақшасын да көрді. Білім ордасында 130 бала оқиды. 30 мұғалім жұмыс істейді. Мектеп 2020 жылы күрделі жөндеуден өткен.

Жоғарғы Егінсуда Мәдениет үйі ашылды

Үржар ауданының Жоғарғы Егінсу ауылында жаңа Мәдениет үйінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Айтулы шараға Абай облысының әкімі Берік Уәли және осы ауылдың тумасы, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі күйші-композитор Секен Тұрысбек арнайы қатысты.

Жалғасы 2-бетте

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI tañy

ВЕСТИ СЕМЕЙ

ЖАҢАҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАНА СЕМЕЙ Сегодняя

БІЗДІҢ БЕСҚАРАҒАЙ

НАШ БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА УАҚЫТ

НОВОЕ ВРЕМЯ

2026



КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Семейде медицина қызметкері күніне арналған салтанатты шара өтті. Абай атындағы кітапханада ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Берік Уәли қатысып, денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Аймақ басшысы өз сөзінде медицина қызметкерлерінің қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтіп, олардың күнделікті еңбегі мыңдаған адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталғанын атап өтті.

«Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз, өз ісіңізге деген адалдықтырыңыз бен жанашырлықтарыңыз мыңдаған адамның өміріне оң өзгеріс әкеліп, азаматтардың медицина саласына деген сенімін нығайтады. Қай уақытта да адам денсаулығын бірінші орынға қойып, күрделі жағдайларда сабыр мен төзімділік танытып келе жатқан еңбектеріңіз ерекше құрметке лайық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін Ақордада өткен медицина қызметкерлерімен кездесуде ұлт саулығы еліміз үшін бәрінен қымбат құндылық екенін, медицина саласын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті саналатынын ерекше атап өтті. Бұл денсаулық сақтау саласының қоғамдағы орны мен маңызын айқын көрсетеді. Адам өмірі мен денсаулығын сақтау – үлкен жауапкершілік пен жоғары біліктілікті талап ететін абыройлы міндет. Мерекелеріңізді құтты болсын. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін», – деді Берік Уәли.

Айта кетейік, Президент Ақордада еліміздің медицина саласының бірқатар қызметкерлеріне мемлекеттік награда тапсырды. Олардың ішінде жерлесіміз, облыстық перинаталдық орталығы қызметінің басшысы Гүлжазира Дүйсекенова де бар. Білікті маман Президенттің қолынан «Шапағат» медалін алды.

Салтанатты шара барысында облыс дәрігерлеріне лайықты құрмет көрсетілді. Семей қалалық №1 ауруханасының бас дәрігері Ержан Шамшин мен облыстық қан орталығының директоры Айгүл Әлжанова «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен қатар денсаулық сақтау саласының бірқатар мамандарына Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медалі, сондай-ақ, «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі табысталды.

Ерекше атап өтеріліп, салтанатты шара барысында өңірдегі 13 медициналық мекемеге 70 санитарлық автокөліктің кілті табысталды. Жыл басында Семей қала-



сындағы облыстық жедел медициналық жәрдем станциясына 10, жақында 20 санитарлық автокөлік берілген болатын. Осылайша өңірдің медициналық ұйымдары 100 жаңа санитарлық автокөліктермен қамтамасыз етіліп отыр.

Облыста денсаулық сақтау саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Абай облысының 9 ауданында 65 жаңа бастапқы медициналық-санитариялық көмек нысаны салынып, пайдалануға берілді. Мақаншы ауылында күндізгі стационары, зертханасы және әйелдер консультациясы қарастырылған заманауи дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталды. Сонымен қатар Үржар аудандық көпсалалы орталық ауруханасының базасында тері арқылы коронарлық араласулар орталығының қосымша ғимаратының құрылысы басталды. Аягөз аудандық көпбейінді орталық ауруханасында магниттік-резонанстық томограф орналастыруға арналған қосымша ғимараттың құрылысы аяқталу сатысында.

Медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы жұмыстар да жалғасуда. 2025 жылы

өңірдегі медициналық ұйымдар үшін жалпы құны 6,5 млрд теңгеден асатын 2 996 медициналық жабдық сатып алынды. Оның ішінде 1,8 млрд теңгеге 31 жоғары технологиялық медициналық құрал-жабдық алынды. Биыл тағы 1,5 млрд теңгеден астам қаржыға 12 бірлік заманауи медициналық жабдық сатып алу жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда өңірдің денсаулық сақтау саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында 5 ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. Семей қаласында 300 төсек-орындық облыстық көпбейінді аурухананың, 200 төсек-орындық облыстық көпбейінді балалар ауруханасының және облыстық қан орталығының жобалық-сметалық құжаттары жасалып жатыр.

Жас мамандарға тиісті қолдау көрсетіліп келеді. Былтыр жоғары оқу орнына түсу үшін облыстық бюджеттен қаржы қарастырылып, өңірдің 200 түлегіне облыс әкімінің гранты бөлінді. Соның 45-і 11 мамандық бойынша медицина саласына берілді. Облыс әкімі биыл осы сала мамандарына берілетін грант саны ұлғайтылатынын айтты.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

БІЛІМ

ӘР БАЛАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК

Семей қаласында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдауға бағытталған жоба жүзеге асырылуда. Оның аясында қаладағы осы санатқа жататын шамамен 300 балаға қолдау көрсетілмек. Бұл - ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы санының шамамен төрттен бір бөлігі.

**Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tau»**

Жоба аясында №3, №13, №17, №20 және №47 жалпы білім беретін мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттері ашылады. Қазіргі уақытта аталған білім беру ұйымдарында жөндеу және қайта жабдықтау жұмыстары басталды.

Жаңа білім беру кеңістігі Samruk-Kazyna Trust қоры мен инклюзивті білім беру саласының сарапшылары әзірлеген заманауи тұжырымдама негізінде жасақталады. Олар ашық кеңістік (open space) форматында ұйымдастырылып, дефектолог, логопед және психолог мамандарға арналған арнайы аймақтармен жабдықталады. Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қыш шеберханасы ашылады.

Жобада балалардың денсаулығын нығайтуға да ерекше көңіл бөлінген. Осы мақсатта заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған емдік дене шынықтыру кабинеттері жұмыс істейтін болады. Әр инклюзия кабинеті кемінде 60 шаршы метр аумақты қамтиды.

Бір жыл ішінде педагогтер мен бейінді мамандар арнайы оқытудан өтіп, кәсіби біліктіліктерін арттырады.

Айта кетейік, бүгінде «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының атынан бірыңғай қайырымдылық оператор арқылы еліміздің түрлі өңірлерінде 31 инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істеп тұр.



Соңы. Басы 1-бетте

Ауылдың ажарын кіргізген заманауи нысан «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтерді. Екі қабатты ғимараттың жалпы ауданы 1356,8 шаршы метрді құрайды. Мәдениет ошағында 100 орындық көрермен залы, кітапхана, домбыра, вокал және хореография үйірмелеріне арналған сыныптар, шығармашылық студиялар, әкімшілік бөлмелер мен әртістерге арналған арнайы киім ауыстыру орындары қарастырылған. Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, ғимарат мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін қозғалуына толықтай бейімделген.

Салтанатты шарада сөз алған аймақ басшысы Берік Уәли бұл нысанның ауыл тұрғындарының игілігіне қызмет ететінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: эзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің мәдениетті қолдауы қашанда тоқтамайтын үдеріс, маңызды стратегия екенін нақты атап өткен болатын. Былтыр көктемде ауданға келіп, осы ауылдың ахуалымен танысқан кезде мәдениет үйінің құрылысы тоқтап тұрған болатын. Дер кезінде тиісті қаржыны бөлу туралы шешім қабылдап, бүгін тарихи күнге куә болып отырмыз. Мәдениет үйінің осы ауылда ашылуы заңдылық. Өйткені, бұл елді мекенде Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбеков дүниеге келген. Баршаңызды Жоғарғы Егінсу ауылындағы жаңа Мәдениет үйінің салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі күн – ауыл тарихындағы айтулы өрі маңызды оқиға. Бұл нысан – жай ғана ғимарат емес. Бұл – ауылдың рухани өмірін жандандыратын, мәдениет пен өнерді дамытуға жол ашатын, ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын маңызды орталық. Ең бастысы, бұл – соңғы қырық жыл ішінде Үржар ауданында салынған алғашқы мәдениет үйі. Сондықтан оның әлеуметтік және рухани маңызы ерекше. Осы маңызды жобаның жүзеге асуына атсалысқан құрылысшыларға, жобалаушыларға, мемлекеттік органдардың өкілдеріне және қолдау көрсеткен барлық азаматтарға шынайы ризашылығымыз білдіремін, – деді Берік Уәли.

Жаңа өнер ошағының шымылдығы Қазақстанның халық әртісі Секен Тұрысбектің шығармашылық кешімен түрлілді. Кеште Семей қаласындағы Әміре Қашаубаев атындағы облыстық филармония әртістері де өнер көрсетіп, ауыл халқына ұмытылмас әсер сыйлады.

Іс-шара соңында облыс әкімі Берік Уәли Секен Тұрысбекті шығармашылық кешінің сәтті өтуімен құттықтап, дәл қазіргі уақытта дәулескер күйші өзі жетекшілік етіп отырған Әміре Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармонияның ұжымына автобустың сертификатын табыс етті.

«Көктал-Алакөл» электр желісінің құрылысы қарқынды

Облыс әкімі Берік Уәлидің жұмыс сапары Мақаншы ауданында жалғасты.

Мақаншы ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Алакөл жағалауды жүзеге асырылып жатқан маңызды инфрақұрылымдық жобалармен танысты.

Аймақ басшысы алдымен «Көктал – Алакөл» электр желісінің құрылысын көрді. Облыс әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, жоба аясында қуаты 25 МВт болатын жаңа 110/35/10 кВ «Алакөл» қосалқы станциясы салынып, оған дейін Көктал қосалқы станциясынан ұзындығы 72,3 шақырым болатын жоғары кернеулі электр желісі тартылады. Бүгінде 355 тірек бағанасының 100-і орнатылып, құрылыс жұмыстары қарқынды қарқынды жүргізіліп жатыр.

Жобаның жалпы құны - 7,9 млрд теңге. Қазіргі уақытта қаржыландырудың негізгі бөлігі қамтамасыз етілген. Жобаны іске асыру Алакөл жағалауында-



ғы электр энергиясы тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

– Жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Қолданыстағы станциялардың қуаты - 25 МВт. «Көктал – Алакөл» электр беру желісі аяқталғаннан кейін бұл қуатты 40 МВт-қа дейін арттыруға болады, – деді учаске басшысы Руслан Бүкенбаев.

Қазіргі таңда жағалауды электрмен қамтамасыз етіп отырған «Кабанбай-1» және «Кабанбай-2» қосалқы станциялары шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп тұр. «Кабанбай-1» станциясының жүктемесі 150 пайызға, ал «Кабанбай-2» станциясының жүктемесі 105 пайызға жеткен. Осы желілер арқылы 1361 тұтынушы, оның ішінде 329 демалыс нысаны электр қуатымен қамтамасыз етіледі.

Электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру үшін биыл «Көктал» қосалқы станциясына жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар апаттардың алдын алу және электр энергиясын үздіксіз жеткізу үшін 9 заманауи реклоузер орнатылған. Жағалаудағы электр желілеріне тұрақты түрде қызмет көрсетілуде. Ерекше атап өтеріліп, көл жағалауында 6 энергетика маманы тәулік бойы кезекшілік атқарады.

– Алакөл жағасындағы ең көкейкесті, ең үлкен мәселенің бірі электр қуатымен қамтамасыз ету болатын. Үнемі тоқ жетіспейді. Осы мәселені түбегейлі шешу үшін биыл соңғы 35 жылда алғаш рет Үкіметтің қолдауымен Арнаулы мемлекеттік қордан қаржы бөлінді. Салынып жатқан қосалқы станциялар туристік аймақты электр қуатымен толық қамтамасыз етеді деп сенеміз. 72 шақырымнан асатын электр желісін тарту – ауқымды жұмыс. Бұл жұмысты жылдың соңына дейін аяқтауымыз қажет, – деді Берік Уәли.

Алакөл жағалауында ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілді

Алакөл жағалауында туристік маусым қарсаңында инфрақұрылымды жаңарту және абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Облыс әкімі Берік Уәлиге жағалауды абаттандыру, демалыс орындары орналасқан көше жолдарын жөндеу барысы таныстырылды.

Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Койгелдиннің айтуынша, биыл жағалаудағы 5 шақырымға жуық жолға асфальт төселген. Өткен жылы да дәл осындай көлемде жол жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ 5 шақырымдық веложол жаңартылған, жарықтандыру орнатылып, боялған. Қабанбай ауылы көлге жақын болғандықтан, демалыс орындарына мал кірмеуі үшін жағалаудың 11 шақырымы қоршалған.

Аудан әкімі Алакөлдің жағалауындағы көшелер мен веложолдар 9 жылдан бері жаңартылмағанын, былтырдан бастап облыс әкімдігінің қолдауымен ауқымды жұмыс жүргізілгенін айтты.

– Соңғы екі жылда тек көлдің жағалауындағы көшелердің 10 шақырымына асфальт төселіп отыр. Мұндай жұмыс 2017 жылдан бері жүргізілмеген. Былтырғы жылмен салыстырғанда әлдеқайда жақсарып қалғаны көрініп тұр. Қажетті жол белгілері орнатылып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз, – деді Берік Уәли.

Биыл жағалауды жарықтандыруға ерекше көңіл бөлінді. Жалпы саны 450 жарық бағаны орнатылып, жағалаудың 3 шақырым аумағы толық жарықтандырылды. Бұрын жарық тартылмаған бірнеше көшеге де шамдар орнатылды.

Аймақ басшысы туристік аймақтағы полиция пунктін жұмысын да көрді. Цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Абзал Серікұлы және полиция департаменті бастығының орынбасары Жасұлан Байкенов жағалаудағы цифрландыру жұмыстары мен қауіпсіздікті күшейту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Биыл жағалауда жасанды интеллект технологияларымен жабдықталған 224 заманауи бейнекамера орнатылған. Қазіргі таңда барлығы жұмыс істеп тұр. Интеллектуалды жүйе тәулік бойы қоғамдық тәртіпті бақылап, адамдардың шоғырлануын, құқық бұзушылықтарды және ықтимал қауіпті жағдайларды автоматты түрде анықтайды. Сондай-ақ жағалау мен су айдынында ақылды дауыс зорайтқыштар жұмыс істеп, демалушыларға қауіпсіздік талаптарын сақтау және қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде ескерту хабарламаларын таратады.

Өткен жылы көл жағалауында қоғамдық тәртіпті 45 полиция қызметкері қамтамасыз етсе, биыл 57 тәртіп сақшысы жұмылдырылған.

Демалушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында жағалау аумағында 49 санитарлық-гигиеналық торап, 35 душ кабинасы, 75 киім ауыстыру орны, 100 қоқыс контейнері және 150 қоқыс жинауға арналған контейнер орналастырылуда. Сонымен қатар Жаңа Арбат аумағында 25 қоршау орнатылып, жағалау бойында 35 киім ауыстыру кабинасы қойылып жатыр. Жағажай аумағындағы 20 санитарлық торапты монтаждау және инженерлік желілерге қосу жұмыстары аяқталуға жақын.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жағалауға жалпы ұзындығы 5 мың метр болатын қалқаншалар (буйлар) орнатылды. Сондай-ақ 10 құтқару мұнарасы, 2 пирс, 2 медициналық пункт және 6 апараты пункт орналастырылды.

Экологиялық талаптарды сақтау мақсатында қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны елді мекеннен 800 метр қашықтыққа көшіріліп, оған жаңа 9 ге-

тар жер телімі бөлінді. Ескі полигон толық рекультивацияланды. Қоқыс тәулігіне екі рет шығарылады. Сұйық тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауға 16 арнайы техника жұмылдырылған.

Туристік маусым ашылды

20 маусым күні Алакөлде туристік маусым ресми түрде ашылды. Көл жағалауында туристік маусымның басталуына орай «Алакөл алаулары – 2026» фестивалі өтті. Ауқымды іс-шараға облыс әкімі Берік Уәли қатысып, өңір тұрғындары мен демалушыларды туристік маусымның ашылуымен құттықтады. Бұл туралы Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Аймақ басшысы Алакөлдің табиғи ерекшелігі мен тарихи маңызына тоқталып, көлдің бүгінде еліміздің ғана емес, шетелдік туристер де қызығушылық танытатын бірегей демалыс орнына айналғанын атап өтті.

Облыс басшысы Алакөлдің табиғи ерекшелігі мен тарихи маңызын атап өтіп, бүгінде көлдің қазақстандықтар ғана емес, шетелдік туристер үшін де тартымды демалыс орындарының біріне айналғанын айтты.

– Сонау есте жоқ ескі замандардан сұлулықтың символы, даламыздың ең бір есте қалар көркем нүктесі ретінде ғалымдар мен саяхатшылардың, жиһан-гездердің жазбаларында тұтас Азия мен Еуропаға аты кеткен даңқты мекен Алакөл. Бүгінде Алакөл еліміздің түкпір-түкпірінен ғана емес, көршілес мемлекеттер мен алыс шет елдерден туристер ағылып келетін ұйық мекен, жан тыныштығын сыйлайтын қайырлы қонысқа айналды. «Алакөл алаулары» фестивалі биыл тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бүгінгі шараға Қазақстанның халық әртісі Секен Тұрысбек бастаған еліміздің маңдайалды өнерпаздары, бүгінгі жас толқынның дарынды дауылпаздары арнайы келіп отыр. Баршаңызды еліміздің інжу-маржаны, ауасы бал, суы ем қасиетті Алакөлдегі былғары жазғы демалу маусымы басталуымен шын жүректен құттықтаймын! – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі концерттік бағдарламалар тамыз айына дейін жалғасып, аптасына екі рет – сәрсенбі және сенбі күндері өткізілетінін жеткізді. Демалушылар алдында өңірдің қала-аудандарының өнер ұжымдары, сондай-ақ «Абай елі – өнер кеңіші» облыстық байқауының өңшілері, бишілері мен күйшілері өнер көрсетіп, қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын болады.

Фестиваль аясында Қазақстанның Халық әртісі, күйші-композитор Секен Тұрысбек, дәстүрлі ән орындаушы Дін Исламбек Жайлаубай, сондай-ақ қазақстандық эстраданың танымал жұлдыздары Дана Кентай, Еркеш Хасен, Қанай және Зарина Омарова өнер көрсетті. Олардың әсерлі әндері мен күйлері көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлап, мерекелік кештің сәнін келтірді. Іс-шара мерекелік оташаумен қорытындыланды.

Айта кету керек, туристік маусым қарсаңында Алакөл жағалауында инфрақұрылымды жаңарту және абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында демалушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында 50-ден астам санитарлық-гигиеналық нысан, 35 душ кабинасы, 110 киім ауыстыратын орын, 100 жаңа қоқыс жәшігі және 150 қалдық жинау контейнері орнатылды.

Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағалау бойына жалпы ұзындығы 5 мың метр болатын қалқаншалар қойылды. Сонымен қатар 224 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Соңғы екі жылда жағалау аумағында 10 шақырым көше жолы асфальтталды.

Сонымен қатар биыл Үкіметтің қолдауымен ұзындығы 72 шақырым болатын «Көктал – Алакөл» электр беру желісінің құрылысы басталды. Бұл жоба жүзеге асқан жағдайда Алакөл жағалауындағы электр қуатының тапшылығы мәселесі түбегейлі шешімін табады.

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР...

«Әкең келе жатыр!» деген сөзді естігенде бұрынғы қазақ баласы бірден бойын түзеп, артық қылығын доғаратын. Өйткені әке отбасының асыраушысы ғана емес, тәрбиеші, ақылшы, бағыт беруші тұлға болды. Әкенің қабағы тәртіптің, сөзі тәрбиенің өлшемі саналды. Ал бүгінгі қоғамда әкенің орны қандай? Заманауи өмір салты мен технологиялық өзгерістер әке мен бала арасындағы байланысты әлсіретіп жіберген жоқ па? Бұл мәселелер Семей қаласында өткен «Әке өнегесі – өмірлік сабақ» атты өңірлік форумда кеңінен талқыланды.

Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

Мемлекеттік органдардың өкілдері, қоғамдық ұйымдар мүшелері, сарапшылар, педагогтер мен белсенді әкелер бас қосқан жиында отбасы институтын нығайту, балалар тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыру және жастар арасындағы әлеуметтік мәселелердің алдын алу жолдары қарастырылды.

Форум жұмысын ашқан Абай облысы ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Арман Жемағұлов Әкелер күнінің мән-маңызына тоқталып, саналы ұрпақ тәрбиелеуде отбасының орны ерекше екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы отбасы институтын сақтау мен дамытуға, сондай-ақ жас ұрпақты тәрбиелеуге әрдайым ерекше көңіл бөліп келеді. Саналы ұрпақ – мемлекеттің берік негіздерінің бірі. Бұл ретте әкелерге жүктелер жауапкершілік жоғары. Бүгінгі форумның басты мақсаты – әкелерді құрметтеу ғана емес, отбасы институтын нығайту және дамыту, жастар тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді талқылау, – деді Арман Серікқанұлы.

Шынында да, мемлекеттің болашағы әр отбасының жағдайымен, елдегі отбасы институтының жай-күйімен тығыз байланысты. Ал отбасының беріктігі көбіне әкенің ұстанымы мен жауапкершілігіне байланысты. Бүгінде көптеген әлеуметтік мәселелердің түп тамыры отбасылық тәрбиемен сабақтасып жатыр. Сондықтан әкенің тәрбиелік рөлін күшейту – уақыт талабы.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Айгерім Сәрсенбаева қазіргі қоғамдағы әкенің жауапкершілігі бұрынғыдан да маңызды бола түскенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында біздің ортақ мақсатымыз – «Заң мен тәртіп» қағидадтарын үстемдік ететін Әділетті Қазақстанды құру екенін атап өтті. Әкелер форумы еліміздің барлық өңірлерінде жыл сайын өткізіліп келеді және жақсы дәстүрге айналды. Бұл алаңда біз әкелердің лудомания, нашакорлық, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты заманауи қоғамның келенсіз құбылыстарымен күрестегі рөлін талқылаймыз. Қазіргі заманғы әке отбасының тірегі ғана емес, балалар тәрбиесіне тікелей ықпал ететін саналы азамат болуы керек. Қоғамда мұндай үлгінің оң нәтижелерін көрсететін мысалдар жеткілікті, – деді Айгерім Арыстанбекқызы.

Расында, қазіргі қоғамда балаларға әсер ететін орта көбейіп кетті. Әлеуметтік желі, интернет, түрлі цифрлық платформалар жасөспірімдердің өміріне терең енді. Мұндай жағдайда әкенің бала өміріндегі рөлі бұрынғыдан арта түсті. Себебі баланың тұлға болып қалыптасуына ең алдымен отбасындағы қарым-қатынас, әкенің өмірлік ұстаны-



мы және күнделікті әрекеті тікелей әсер етеді.

Форумда сөз алған тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Аман Рахметуллин отбасы институтының қоғамдағы орны мен әкенің жауапкершілігіне ерекше тоқталды.

– Тарихи тұрғыдан алғанда, отбасы институты кез келген қоғамдағы ең маңызды институттардың бірі болып келген. Отбасынсыз қоғамның дамуы мүмкін емес, өйткені отбасы – тәрбие мен құндылықтар қалыптасатын, ұрпақ болашағына бағыт-бағдар беретін орта. Біздің болашағымыз тікелей отбасыға байланысты. Кейбір әкелер «Балаларым тоқ, киімі бүтін, баспанасы бар, демек, мен отбасы үшін бәрін жасап жүрмін» деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Мұның бәрі – әкенің тікелей міндеті. Тәрбие беру де әкенің жауапкершілік аймағына жатады әрі бұл тек ұлдарға ғана емес, қыздарға да қатысты. Лудомания, кибербуллинг және қатыгездік көріністері кей жағдайда әкенің бала тәрбиесіндегі олқылықтарының салдары болуы мүмкін. Бұл – қоғам болып талқылауды қажет

ететін маңызды мәселе, – деді Аман Қапанұлы.

Ғалымның айтуынша, бүгінгі таңда көптеген ата-аналар балаларына материалдық жағдай жасауды басты міндет санап, олардың жан дүниесіне үңілуге, бірге уақыт өткізуге жеткілікті көңіл бөле бермейді.

– Егер бүгін ата-ана баласына көңіл бөлмесе, оған мейірім мен жылу сыйламаса, ертең сол баладан ата-анасына деген жанашырлықты күту қиын. Бала ең алдымен сүйіспеншілік пен қамқорлықты отбасынан көруі керек. Өйтпесе ертең ата-анасын материалдық жағынан қамтамасыз ету түгілі, оған мейірім танытпайтын ұрпақ қалыптасуы мүмкін. Тіпті осылай жалғаса берсе, болашақта қарттар үйлерінде орын жетпей қалатын жағдайға да тап болуымыз ғажап емес, – деді Аман Рахметуллин.

Бала тәрбиесіне жұмсалған уақыт пен мейірім ешқашан зая кетпейді. Бүгін ата-анасынан жылу көріп өскен бала ертең сол қамқорлықты өз әке-

СЕМЕЙ

ТӘРБИЕ ТАМЫРЫ ОТБАСЫНДА

Таңертең мемлекеттік мекемеге асығып, кешке отбасына оралатын азаматтар екі үлкен жауапкершілікті қатар алып жүреді. Бірі қоғам алдындағы қызметтік міндет болса, екіншісі – бала алдындағы әкелік парыз. Көп жағдайда мемлекеттік қызметшінің кәсіби жетістігі сөз болғанымен, оның үйдегі әке ретіндегі рөлі тасада қалып жатады. Ал шын мәнінде қоғамға адал қызмет ететін азаматтың тұлғасы ең алдымен отбасында қалыптасады.

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semei tanu»

Бүгінде уақыттың тығыздығы, жұмыс жүктемесінің артуы көптеген әкелер үшін бала тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлуге кедергі келтіріп отырғаны жасырын емес. Әсіресе мемлекеттік қызмет саласында еңбек ететін азаматтар үшін бұл мәселе өзекті. Өйткені олардың қызметі тек жұмыс уақытымен шектелмейді. Қоғамдық қабылдаулар, іссапарлар, түрлі жиындар мен жауапты шешімдер көп уақыт пен күш-жігерді талап етеді. Дегенмен қызметтік міндеттің көптігі әкелік жауапкершілікті кейінге ысыруға себеп болмауы тиіс.

Осы өзекті мәселе, яғни әкенің отбасы мен қоғамдағы орны, ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігі Семей қаласында Әкелер күніне орай өткен «Мемлекеттік қызметтегі әкенің рөлі: жауапкершілік, патриотизм және өскелең ұрпаққа үлгі» атты форумда кеңінен талқыланды. Семей қаласының Отбасын қолдау орталығында ұйымдастырылған жиынға Семей қаласы әкімінің орынбасары Әсет Баймұрзаев, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Дархан Бердібек, мәслихат депутаттары және әртүрлі салада еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер, қоғам қайраткерлері, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Форумда сөз алған Семей қаласы әкімінің орынбасары Әсет Баймұрзаев қоғамдағы әке институтының маңыздылығына тоқталып, мемлекеттік қызмет пен отбасы жауапкершілігін қатар алып жүрудің мәніне назар аударды.

– Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы: «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», – деген. Бұл сөздің өзінде отбасы тәрбиесінің маңызы жатыр. Мемлекеттік қызметте еңбек етіп жүрген азаматтар кәсіби міндеттерін абыроймен атқара отырып, отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуі қажет. Әкенің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен отбасындағы өнегесі – өскелең ұрпақ үшін үлкен мектеп, – деді Әсет Асхатұлы.

Шынында да, бала үшін әкенің лауазымы емес, оның жанында қанша уақыт өткізгені маңыздырақ. Мемлекеттік қызметкер үйіне келгенде басшы немесе маман емес, ең



алдымен әке. Баланың еңбекке көзқарасы да, азаматтық ұстанымы да отбасында қалыптасады. Сондықтан мемлекетке қызмет етудің ең тиімді жолдарының бірі – өз балаңа дұрыс тәрбие беру.

Форум барысында Семей қалалық мәслихатының депутаты, көсіпкер Анатолий Калинин жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырудағы әкенің рөлі туралы сөз қозғады. Оның пікірінше, қоғамдық жауапкершілік пен елге қызмет ету сезімі баланың бойына ең алдымен отбасы арқылы дариды. Бұл пікірді Абай облыстық «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының төрағасы Серік Түсіпов те қолдады. Ол әкенің жеке өнегесі патриоттық тәрбиенің ең тиімді құралы екенін атап өтті.

Қазіргі қоғамда жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу жайлы жиі айтылады. Алайда патриотизм үлкен мінберлерден айтылатын ұрандардан емес, әкенің күнделікті ісінен басталады. Баласына адал еңбек етудің үлгісін көрсеткен, қоғамға пай-

дасын тигізуге ұмтылған, заңды құрметтеп, тәртіпті сақтайтын әке – ең мықты тәрбиеші.

Мемлекеттік қызметтегі әкенің басты жетістігі мансаптық өсумен ғана өлшенбеуі керек. Оның қоғамға қалдыратын ең үлкен мұрасы – тәрбиелі ұрпақ. Себебі мемлекет те, қоғам да отбасынан басталады. Ал отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің сапасы әкенің жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Форумға қатысушылар отбасы институтын нығайту, әке мәртебесін арттыру және жастар тәрбиесіндегі әкенің рөлін күшейту мәселелеріне қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Жауапты әке – жауапты қоғамның негізі. Ал ел болашағы үшін еңбек етіп жүрген әрбір мемлекеттік қызметкер өз қызметімен ғана емес, отбасындағы өнегесімен де өскелең ұрпаққа үлгі болуы тиіс.

Жиын соңында отбасы институтын нығайтуға және қоғамдағы әке мәртебесін көтеруге үлес қосып жүрген бірқатар әкелерге алғыс хаттар табысталды.

Бала денсаулығы ол дүниеге келмей тұрып-ақ қалыптаса бастайтыны бүгінде ғылыми тұрғыда дәлелденген. Сәбидің дені сау болып тууы, ең алдымен, ананың денсаулығына, оның өмір сүру жағдайына және қоршаған ортаның сапасына тікелей байланысты.



ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Әйелдердің репродуктивтік денсаулығы белгілі бір аймақтың экологиялық жағдайының көрсеткіші бола алады. Қоршаған орта қолайсыз болған жағдайда, ол жүктіліктің өтуіне, нәрестенің іштегі дамуына және отбасылардың балалы болу мүмкіндігіне айтарлықтай кері әсерін тигізеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, репродуктивтік денсаулық – халықтың өмір сапасын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Репродуктивтік денсаулық тек медициналық көмектің деңгейімен ғана емес, сонымен қатар, экологиялық факторларды қоса алғанда, көптеген сыртқы әсерлермен тығыз байланысты. Қазіргі таңдағы ең өзекті экологиялық мәселелердің бірі – атмосфералық ауаның ластануы. Әсіресе ірі қалалар мен өнеркәсіптік өңірлерде ауа құрамында шаңның ұсақ бөлшектері, азот пен күкірт қосылыстары және басқа да зиянды заттар көптеп кездеседі. Бұл ұсақ бөлшектер адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы еніп, түрлі ішкі мүшелердің қызметіне кері әсер етеді.

Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, ласпанған ауа жүктіліктің асқыну қаупін, әсіресе мерзімінен бұрын босану, ұрықтың дамуының тежелуі, нәрестелердің дүниеге салмағы өте төмен болып келуі сынды жағдайларды айтарлықтай арттырады. Қоршаған ортаның қолайсыздығы сонымен қатар әйелдердің ұрықтану қабілетін тікелей әсер етіп, заманауи репродуктивтік технологиялардың, оның ішінде экстракорпоральды ұрықтандырудың (ЭҚҰ) тиімділігін төмендетуі мүм-

кін. Қазіргі уақытта ғалымдардың ерекше назары Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік аймақтарына ауып отыр. Бұл өңірде металлургия саласының ірі кәсіпорындары шоғырланғандықтан, өнеркәсіптік шығарындылар мен ауыр металдар әйел ағзасына әсер етіп, гормоналды тепе-теңдіктің бұзылуына, репродуктивтік жүйе қызметінің әлсіреуіне және жүктілік ағымның күрделенуіне алып келуі ықтимал.

Осыған байланысты Қазақстанда репродуктивтік денсаулықтың өңірлік тіркелімдерін қалыптастыру, экологиялық ахуалды тұрақты бақылау және репродуктивтік жастағы әйелдерге арналған алдын алу бағдарламаларын жүзеге асыру аса маңызды шаралардың бірі болып отыр. Мұндай қадамдар халық денсаулығын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаның зиянды әсерлерін дер кезінде анықтап, оның алдын алуға мүмкіндік береді.

Дені сау ұрпақ – ел болашағы, ал ұрпақ саулығы ана құрсағынан басталатыны даусыз. Сондықтан әйелдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау және экологиялық қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып қала бермек.

Ш.ҚИНАЯТОВА,
Семей медицина университеті,
А.Қозбағаров атындағы акушерия және гинекология кафедрасының ассистенті, жоғары сапатты дәрігер акушер-гинеколог

АНА МЕН БАЛА

BYD

— MEDICAL —

ТАШКЕНТЕГІ ЗАМАНАУИ BYD MEDICAL САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНА ШАҚЫРАМЫЗ!

Біздің газет оқырмандарына арнайы –
10 АҚШ ДОЛЛАРЫ
КӨЛЕМІНДЕ ЖЕҢІЛДІК!

Денсаулығыңызды пайдалы өткізіңіз –
денсаулығыңызды нығайтып,
серектік пен қиы-қуат жинаңыз!

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ОРТАЛЫҒЫ

10 КҮНДІК САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Түрлік (жайлы бөлмелер) 3 мезгіл тамақтану (дәстүрлі) - Дәрігер көңесі және диагностика (УЗИ, ЭКГ, анализдер) - Дәрілік терапия, тамашалықтар - Физиотерапия (Дарсонваль, Урада, парафин) - Емдік массаж	- Фитотерапия (дәстүрлі емдер) - Озонотерапия - Лазеротерапия - Емдік дене шынықтыру (йога) - Аромасуна, хиджама (қалың және жұқа) - Дәрігерлік тауіпті бойы бақылауы
--	--

10 КҮНДІК КУРС

 2 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ	250 000 ₮
 3-4 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ	235 000 ₮

**11 жасқа дейінгі балаларға
50% ЖЕҢІЛДІК**

КЕЛЕСІ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Бауыр және
ег қабы аурулары

Асқазан-ішек
жолдары

Бұнырлар
ауруы

Жүрек-қан
тамыр жүйесі

Имунитетті
ығыайту

Шаршау,
стресс

Ағзаны жаңғы
қалпына келтіру

**ТРАНСПЕР
ТЕГІН!**

Өзіңіздің денсаулығыңызды
инвестиция жасаңыз!

БАЙЛАНЫС ҮШІН:

8 705 465 22 75

8 778 929 14 53

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155

Кезекші редактор Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.